

ЕР МІНЕЗДІ БҮРКІТШІ ҚЫЗ

Құсбегілік-халқымыздың төл өнерлерінің бірі. Ит жүегіріп, құс салып, аң аулау қазақтың тыныс-тіршілігімен астасып жатқан өнер. Ұлттық үрдісімізді, ұлттық салтымызды сақтауда біздің Шет өңірі басқа жерлерге қарағанда көш ілгері келеді. Кеңестік заманның өзінде бұл өңірде доданың әр алуан түрлері өтетін. Сол үрдіс бүгінге дейін үзілген жоқ. Ел тәуелсіздігі жылдарында ұлттық спорт түрлері қарыштап дамыды. Сол тұста аударыспақ, теңге ілу, көкпар тарту, қыз қуу сынды ат спорты түрлерінен ел намысын осы шеттіктер қорғады. Әйгілі бүркітші Тілеуғабыл Есенбеков ағамыздың мұрындық болуымен бұл өңірде құсбегілік қарқын алып, дабыры сонау алыс құрлықтарға тараған. Қазақ жерінде ал-

ғашқы салбырын осы Шет топырағында өтті. Сол жылдары ат спорты, құсбегіліктің нарқы жоғары болатын. Жер-жерлерде спорт мектептері ашылды. Аудан орталығындағы Ы.Алтынсарин атындағы мектепте де құсбегілік сыныбы пән ретінде енгізілген еді. Онда басқалармен бірге Мақпалдың әкесі Мұрат Әбдіразақов дәріс беретін. Мұрат та елге әйгілі бүркітшілердің бірі, талай байрақты бәсекелерде ел намысын бермеген бүркітші. 20 жыл бойы құс баулумен айналысып келеді. Олай болса бүгінгі әңгімеіздің арқауы болғалы отырған Мақпалдың құсбегілікке келуінде белгілі бір сабақтастықтың жатқаны белгілі. Мақпал әрине құсбегілікті әкесінен дарытты.

ша әсері деп ойлаған, есейе келе тастап кетер деген. Бірақ уақыт өте келе Мақпал бұл кәсіпті түпкілікті таңдаған. Алғаш бүркітшілер сайысында әйелдер арасында Мақпалдан



басқа құсбегі қыз жоқ болатын. Бара-бара елдің көзі Мақпалға үйренді, бүркітші қыз атанды. Көптеген жылдар бойы ер адамдармен қатар жүлдеге таласып келеді. Осыдан 9 жыл бұрын өткен Астана чемпионатында жүлделі ІІ-ші орын алса, Көкшетауда өткен республикалық ойындарда ешкім тең келмеді. Ал, 2003 жылы нәзік жанды жерлесіміз спорт шебері атағын алды. Жүлдегер жерлесіміздің алған көптеген мақтау қағаздары мен грамоталары осының дәлелі. Ол бүгін өзін нағыз бүркітші ретінде мойындатты. Сан дүбірлі жарыстарда бүркітшілер арасындағы жалғыз қыз Мақпал Әбдіразақованың өнеріне сүйсініс білдіріліп, оның әрбір жеңістерін қолдайды.

Республика бойынша жалғыз саятшы қыз Мақпал Әбдіразақова 8-ші сыныпта оқып жүргенде алғашқы рет саятқа шықты. Саятқа шығу бұрын тек ер адамның ермегі деп ойлайтынбыз. Себебі, бұл өте қиын, ауыр жұмыс. Бір бүркіттің салмағы 6-9 келі болады. Бірнеше сағат бойы осы салмақты ұстап тұруға тура келеді. Кең даланың еркіндікті жақсы көретін құсын қолға үйрету тәзімділікті қажет етеді. Ата-анасы үйде жоқ кезінде Мақпал құстарды ермек қылатын. Ауылдық жердің баласы болғандықтан табиғатпен өте тығыз байланыста болды. Әр құстың мінез-құлқын бағалау 10 жастан бастап дәрі бастады, содан бастап атқа мініп аңға шықты.

-Құсбегілік-айтуға ғана оңай өнер. Құстың бағымы баланың бағымынан әсте кем емес. Бабы келмесе бітпектайды да тұрады. Үй күшік қылып жіберсең шаңқылдап тұрып алады. Оның шаңқылының өзінде талай дыбыс реңкі жатыр. Нағыз құсбегі соны айыра біліп, тыныштандырады. Мен бүркітті өте кішкентай кезден жақсы көріп өстім. 13-14 жасымнан бүркіт ұстаумен айналысып келемін. Менің Ақжелке атты бүркітім бар. Қазір ол тоғызда. Бүркіт деген сезімтал, кекшіл құс. Сондықтан ол сенің әрбір әрекетіңді жадында мықтап ұстайды. Сенің қандай көңіл күйде екеніңді дауысыңнан айырады. Көңіл күйім жоқ кезде оған тақалмаймын. Балым-бағым деген дауысың арқылы қайда тұрсаң да сені тауып алады. Ақжелкені қазір әкеме де сенбей өзім баптап күтіп жүрмін. Жақсылап күтіп баптап білсем, күш қуаты бойында, Ақжелкем әлі талай додаларға шығып жүлделі орын әкелері сөзсіз,-дейді Мақпал бүркіті жайында бізбен әңгімесінде.

Әкесі Мақпалдың құсқа әуестігін балалықтың уақыт-

Жуырда Өскемен қаласында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған Республикалық ұлттық спорт түрлерінен фестиваль болып өтті. Бұл фестивальге жер-жерлерден 18 бүркітші қатысқан болатын. Республикалық жарысқа ауданымыздан жалғыз бүркітші қыз Мақпал Әбдіразақова Ақжелке атты бүркітімен қатысып қайтты. Осы жолы оза шығып жеңімпаз атанған бүркітші-саятшы Мақпал ұлттық спорт түрлерінен III-ші республикалық фестиваль бағдарламасында саятшылық жарысында II-ші орынға ие болып, Қазақстан Республикасы туризм және спорт министрлігінің арнайы дипломмен марапатталды.

«Ана тілі», «Орталық Қазақстан», «Индустриальная Караганда» тағы басқа да облыстық республикалық басылымдарда бүркітші Мақпал жайында кең келемді мақалалар жарық көрді. Азиада алауын жағушылар ішінде де біздің Мақпал қызымыз болды. Алматы қаласындағы «Сен сұлу» бағдарламасына шақырту алып, оған қатысып қайтқан да тағы біздің Мақпал қызымыз.

Тағы да бір айтатын тамаша жаңалық Мақпал жайында «Хабар» арнасында деректі фильм түсірілуде. Оны жақында «Хабар» арнасынан көріп, тамашалайтын боламыз.

Айта берсек Мақпал жайында әсерлі әңгімелер мен оның атына айтылатын мақтау-мадақтаулар жетерлік.

Біз бүгін осындай киелі өнерді жастайынан қадір тұтып, қас-терлей білетін бүркітші қыз Мақпалға қыран құстай биіктен керіне бер дейміз.

Ш.ӘБДИЕВА,
Ақсу-Аюлы ауылы.